# 2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін , субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарды және өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 12/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 ақпанда № 6364-09 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 02.06.2023 № 36/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18404 болып тіркелген) Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 02.06.2023 № 36/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды -Қарағанды облысының әкімдігінің 02.06.2023 № 36/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-2. Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттар және өтінім беру мерзімдері осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. Қаулы 1-2-тармақпен толықтырылды -Қарағанды облысының әкімдігінің 02.06.2023 № 36/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі* *Е. Булекпаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қарағанды облысы әкімдігінің
2023 жылғы 17 ақпандағы
№ 12/01 қаулысына 1-қосымша

**2023 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 12.12.2023 № 90/03 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | Субсидиялау көлемі | Субсидиялар сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | |
| 1.1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | Бас/шағылыстыру маусымы | 86 000 | 860 000 |
| 1.2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | | 18 327 | 274 905 |
| 2. | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасын күтіп-бағу | Бас/шағылыстыру маусымы | 1 400 | 140 000 |
| 3. | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасын сатып алу | Сатып алынған бас | 3 367 | 505 050 |
| 4. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | - | - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4.1 | Отандық | Сатып алынған бас | 3 290 | 493 500 |
| 4.2 | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған | | - | - |
| 4.3 | Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен импортталған | | - | - |
| 5. | Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу | | - | - |
| 6. | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының ( оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | Тірідей салмағы, килограмм | 1 255 255 | 251 051 |
| 7. | Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату | Өндірілген сиыр етінің килограмы | - | - |
| | Барлық сома | | | 2 524 506 |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | | |
| 1. | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл | | | - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу: | | - | |
| 1.1 | Бір жынысты | Сатып алынған доза | - | - |
| 1.2 | Қос жынысты | | 417 | 2 085 |
| 2. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | |
| 2.1 | Отандық | Сатып алынған бас | 89 | 17 800 |
| 2.2 | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған | | - | - |
| 2.3 | Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен импортталған | | - | - |
| 3. | Сүт өндіру құнын арзандату: | | | |
| 3.13.2 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық | Өткізілген немесе өңделген килограмм | - | - |
| | Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық | | 2 860 300 | 85 809 |
| 3.3 | Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық | | 3 022 800 | 60 456 |
| 3.4 | Ауыл шаруашылығы кооперативі | | 6 027 550 | 120 551 |
| 4. | Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату | Дана | - | - |
| | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау | Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас | 318 | 1 590 |
| | Барлық сома | | | 288 291 |
| Етті құс шаруашылығы | | | | |
| 1. | Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу | Сатып алынған бас | 68 795 | 41 277 |
| 2. | Құс етін өндіру құнын арзандату: | | | |
| 2.1 | 15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | Өткізілген килограмм | - | - |
| 2.2 | 10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | - | - |
| 2.3 | 5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | 6 816 900 | 409 014 |
| 2.4 | 500 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | 323 200 | 16 160 |
| 3. | Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату | | - | - |
| 4. | Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату | | - | - |
| | Барлық сома | | | 466 451 |
| | Жұмыртқалы құс шаруашылығы | | | |
| 1. | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу | Сатып алынған бас | 2 333 300 | 139 998 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады) | Өткізілген дана | - | - |
| Барлық сома | | | | 139 998 |
| Шошқа шаруашылығы | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды шошқалар сатып алу | Сатып алынған бас | 994 | 139 160 |
| 2. | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу | Бас/шағылыстыру маусымы | 9 227 | 369 080 |
| Барлық сома | | | | 508 240 |
| Қой шаруашылығы | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | |
| 1.1 | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы | Бас/шағылыстыру маусымы | 27 500 | 110 000 |
| 1.2 | Қойлардың тауарлық аналық басы | | 90 000 | 225 000 |
| 2. | Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу | Сатып алынған бас | 8 665 | 129 975 |
| 2.1 | Импортталған асыл тұқымды аналық қойларды сатып алу | | - | - |
| 2.2 | Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу | | 10 | 1 500 |
| 3. | Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды қошқарды күтіп-бағу | Бас/шағылыстыру маусымы | - | - |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату | Өткізілген бас | 188 | 564 |
| 5. | Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату | Дана | - | - |
| 6. | Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау | Ұрықтандырылған бас/шағылыстыру маусымы | - | - |
| Барлық сома | | | | 467 039 |
| Жылқы шаруашылығы | | | | |
| 1. | Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу | Сатып алынған бас | 81 | 8 100 |
| Барлық сома | | | | 8 100 |
| Жергілікті бюджет қаражаты есебінен: | | | | |
| 1. | Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату: | | | |
| 1.1 | Ірі қара малдың аналық басы: 50 бастан 100 басқа дейін | | 43 752 | 525 024 |
| 1.2 | Ірі қара малдың аналық басы: 100 | | 43 168 | 647 520 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бастан 200 басқа дейін | бас | | |
| 1.3 | Ұсақ мүйізді малдың аналық басы: 20 бастан 500 басқа дейін | | 138 628 | 554 512 |
| Барлық сома | | | | 1 727 056 |
| Барлығы | | | | 6 129 681 |

Қарағанды облысы әкімдігінің
2023 жылғы 17 ақпандағы
№ 12/01 қаулысына 2-қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері

Ескерту. Қаулы 2-қосымшамен толықтырылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 02.06.2023 № 36/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 13.09.2023 № 65/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Ауыл шаруашылығы жануарларының, ірі қара малдың аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату: | | |
| 1.1 | Ірі қара малдың аналық басы: 50 бастан 100 басқа дейін | бас | 12 000 |
| 1.2 | Ірі қара малдың аналық басы: 100 бастан 200 басқа дейін | | 15 000 |
| 2 | Ауыл шаруашылығы жануарларының, ұсақ мүйізді малдың аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату | бас | |
| 2.1 | Ұсақ мүйізді малдың аналық басы: 20 бастан 500 басқа дейін | | 4 000 |

Қарағанды облысы әкімдігінің
2023 жылғы 17 ақпандағы
№ 12/01 қаулысына 3-қосымша

## Субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттар және өтінім беру мерзімдері

Ескерту. Қаулы 3-қосымшамен толықтырылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 02.06.2023 № 36/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 13.09.2023 № 65/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшемшарттар | Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі | Өтінімді беру мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату | Өтінімді берген сәтте селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор ақпаратында аналық мал басының деректерге сәйкес және тіркеуде болуы | селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорымен және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорымен интеграцияланған өзара іс-қимыл | 2023 жылдың маусым- желтоқсан айлары |
| 1.1 | Ірі қара малдың аналық басы | 1. өтінім берген сәтте 50 бастан кем емес және 200 бастан аспайтын меншікті аналық малдың болуы;<br>2. аналық мал басының жасы 18 айдан бастап, бірақ 120 айдан аспауы;<br>3. азықтық дақылдар егіс алқабының болмауы немесе егіс алқабы 1000 гектардан артық болмауы. | | |
| | | 1. өтінім берген сәтте 20 бастан кем емес және 500 бастан аспайтын меншікті аналық малдың болуы; | селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.2 | Ұсақ мүйізді малдың аналық басы | 2. аналық мал басының жасы 12 айдан бастап, бірақ 96 айдан аспауы;<br>3. азықтық дақылдар егіс алқабының болмауы немесе егіс алқабы 1000 гектардан артық болмауы. | қорымен және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорымен интеграцияланған өзара іс-қимыл | 2023 жылдың тамыз - желтоқсан айлары |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК